



Пішіндер. Бір-көп. Логикалық тапсырма

ТОҚТАЛҒАН Біржан,
«Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі.
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы

Максаты:

Білімділік: Балалардың пішіндер туралы білімдерін: оларды ажыратып атай білуге, заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды және дәстүрлі емес әдіс пішіндерді (саусакпен сурет салу) қолдана білуді үйрету.

Дамытушылық: пішіндерді бақылау арқылы айналадағы заттардың пішіндерінің ұқсастығын салыстыра отырып, ажырата білуді бір және көп заттарды топтау арқылы қабілеттерін және ой-өрістерін дамыту.

Тәрбиелік: ұқыптылыққа, қызығушылыққа, шығармашылыққа және эстетикалық талғамын жетілдіруге тәрбиелеу.

Қажетті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар: интерактивтік такта, геометриялық пішіндердің суреттері, хат, дидактикалық материал, түрлі түсті қағаздан қиылған пішіндер, гуашь, ақ қағаз, сүлгі.

Сөздік жұмыс: үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек.

Билингвальды компонент: үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-четыреугольник, дөңгелек-круг.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Амандасу: Арайлы таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң балалар, Қайырлы таң апайлар.	Балалар апайлармен амандасады.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Балалар сендер қыс туралы қандай такпак білесіңдер? -Балалар қане бәріміз терезеге жақындайықшы. -Балалар сендер ұйқыдан ояғанда терезеден нені көресіңдер? -Күн бізге несін береді? Дұрыс –ақ балалар, балалар қане бәріміз ортаға жиналайықшы. «Шарды үрлеу» ойыны. -Балалар біз неге ұқсадық? -Балалар бәріміз бір-бірімізге күлкі сыйлайықшы. Міне көңіліміз көтеріліп қалды. Ғажайып сәт: (Есік қағылып ішіне қуыршақ сәуле кіреді). -Сәлеметсің бе, қуыршақ Сәуле? -Сәлеметсіңдер ме, балалар мен қуыршақ Сәулемін. Мен сендерге өзімнің мына қолымдағы хаттын ішіндегі тапсырманы	-Қыс мезгілі. Айару: Бір топ бала далада, Қардан соқты аққала. Мұрны қызыл үп-үлкен, Көзі көмір кап-қара. -Күнді көреміз. -Жылуын және жарық береді. -Күнге, допка, шарға т.б. Балалар қуыршақ Сәулемен амандасады. Балалар жұмбақты мұқият тыңдап жауабын шешуге тырысады.